

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОСТАВИЛ КОНКРЕТНЫЕ ЗАДАЧИ ПО РАЗВИТИЮ ТРАНСПОРТНО-ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА КАЗАХСТАНА. РЫНОК ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК С КАЖДЫМ ГОДОМ СТАНОВИТСЯ БОЛЕЕ КОНКУРЕНТНЫМ. ПОЭТОМУ ДЛЯ УКРЕПЛЕНИЯ ПОЗИЦИИ ТРАНЗИТНОГО ХАБА НАМ НЕОБХОДИМО АКТИВНО НАРАЩИВАТЬ ВОЗМОЖНОСТИ НАШЕЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ. НАДО УСТРАНЯТЬ «УЗКИЕ» МЕСТА, В ЧАСТНОСТИ В ПРИГРАНИЧНЫХ РАЙОНАХ.

Олжас БЕКТЕНОВ,
Премьер-министр РК



№69 (3108)
26/08/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

НОВЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ


Филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» продолжает системную работу по созданию современных условий труда и отдыха для работников железнодорожной отрасли. Одними из ключевых направлений стали модернизация турных вагонов и ремонт специального подвижного состава.



Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

В 2024 году капитальным ремонтом с продлением срока службы отремонтировано 20 турных вагонов. В текущем году планируется обновить еще 20 единиц. Турные вагоны переоборудуются из ранее выведенных по сроку службы пассажирских вагонов и переводятся в категорию специального подвижного состава. После ремонта и оснащения они становятся удобными и комфортными домами на колесах для машинистов вахтовых бригад и других работников.

Современный турный вагон оснащен всем необходимым: газовым оборудованием и системой кондиционирования воздуха, холодильной и сушильной камерами, душевой кабиной с водогрейным оборудованием, а также автоматической



системой пожарной сигнализации. Здесь есть помещения для приготовления и приема пищи, стирки и сушки одежды, а также мастерские. Такой подход стал качественно новым этапом в улучшении санитарно-бытовых условий железнодорожников.

– Создание комфортных условий проживания и труда работников



– важная задача, ведь именно от их профессионализма и настроения зависит бесперебойная работа всей сети, – отмечают специалисты филиала.

Одновременно проводится масштабная работа по ремонту специального подвижного состава. В 2024 году было отремонтировано 916 единиц различными плановыми видами ремонта. В текущем году работы ведутся на 563 единицах. Это позволит обеспечить бесперебойную работу путевых машин во время ремонтной кампании и гарантировать безопасное, беспрепятственное движение поездов. Планируется, что обновленные

турные вагоны будут активно использоваться для доставки и проживания работников, задействованных в путевой кампании. Таким образом, железнодорожники получают не только современный инструмент для работы, но и достойные бытовые условия.

Стоит отметить, что сегодня каждый работник филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» на своем рабочем месте полностью обеспечен необходимой спецодеждой, инструментами и условиями для отдыха. Это подтверждает: забота о человеке труда – одно из ключевых направлений развития отрасли.

Фото автора

МЕЖЕ – ТРАНЗИТТІК ХАБҚА АЙНАЛУ



Қазақстан Еуразияның жетекші транзиттік хабына айналуға ұмтылуда. Бұл бағытта Мемлекет басшысы халыққа жолдауында жаңа көлік дәліздерін салу, логистикалық орталықтарды жақсартуға қатысты негізгі тапсырмалар берген болатын.

Транскаспий бағыты Еуразиялық логистиканың негізгі буынына айналуға: соңғы бес жылда жүк тасымалы 6 есеге артты. Мемлекет басшысының Жолдауында серіктес елдер – Қытай, Әзербайжан, Грузия және Түркиямен Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту үшін күш-жігер бірлестіру міндеті қойылды. Бүгінде осы бағыттағы жұмыс айтарлықтай нәтиже беруде.

Серіктестермен бірлесіп отырып 2027 жылға дейін «тұйық» жерлерді синхронды жою бойынша жол картасы әзірленді. Оның аясында «Достық-Мойынты» теміржол желісі пайдалануға берілді, Алматы станциясының айналма жолы салынуда, порт инфрақұрылымы жаңғыртылуда: Құрық портының акватория түбі тереңдетілді, қуаттылығы 1 млн тонна астық терминалы және Ақтау портында контейнерлік хаб іске қосылды.

Қазақстаннан тыс жерде порт инфрақұрылымы белсенді дамып жатыр. Атап айтқанда 2025 жылдың маусымында Грузияның Поти портында аумағы 8,9 гектар жерге 120 мың контейнер өңдеуге қауқарлы қазақстандық мультимодальды терминал іске қосылды. Соңғы бес жылда бұл бағыт бойынша жүк тасымалының көлемі алты есеге ұлғайды, 2020 жылғы 0,8 млн тоннадан 2024 жылы 4,5 млн тоннаға жетті. Тек былтырдың өзінде тасымал көлемі 62%-ға артып, контейнерлік тасымал 2,7 есеге көбейді. Биылғы жылдың алғашқы жартысында тасымал көлемі 2,3 млн тоннаға жетіп, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7%-ға артық болды. Сонымен қатар контейнерлік тасымалдың айтарлықтай артуына кедендік рәсімдерді автоматтандыру да ықпал етті: енді бір контейнерлік пойызды рәсімдеуге небәрі 30 минут кетеді, бұрын бұл процесс үш сағатқа дейін созылатын еді.

«Жуырда Қытай тарапымен бірлесіп Ақтау портында контейнерлік терминал іске қосылды. Сиань қаласында біздің құрғақ порт табысты жұмыс істеп тұр. Селятино, Свислочь және Будапешт маңында жаңа терминалдар салынууда», – дейді ҚР Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

ҚТЖ РАСШИРЯЕТ ПАРТНЕРСКУЮ СЕТЬ В КИТАЕ



В Гуанчжоу (КНР) в рамках Торгово-экономической миссии Республики Казахстан, организованной Министерством торговли и интеграции РК совместно с QazTrade, АО «KTZ Express» провело серию B2B-встреч с потенциальными партнерами и клиентами из Китая.

Интересы компании на мероприятии представляло китайское подразделение Xinjiang KTZ International Logistics Co., LTD.

В ходе встреч представители KTZ Express презентовали широкий спектр логистических услуг, включая мультимодальные перевозки, складскую и терминальную инфраструктуру, а также преимущественно транспортных маршрутов, проходящих через территорию Казахстана. Особое внимание было уделено развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута (TMTM) как одного из наиболее перспективных коридоров для доставки грузов между Китаем, Центральной Азией, Европой и Ближним Востоком.

Участие в мероприятии позволило установить новые деловые контакты с компаниями из ключевых промышленных регионов Китая – провинций Гуандун, Гуанчжоу, Шэньчжэнь и других.

KTZ Express позиционируется как надежный и стратегический логистический партнер для китайских грузоотправителей, предлагающий устойчивые маршруты, конкурентные тарифы и высокий уровень сервиса. Компания играет важную роль в укреплении транзитного потенциала Казахстана и развитии евразийской транспортной интеграции.

Асель ШАЙХЫНОВА

Еңбекпен қамту

«ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС» ЖӘРМӨҢКЕСІ ӨТТІ

Астанада Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Жастарға жұмыс» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге «Самұрық-Қазына» АҚ-ның портфельдік компаниялары, соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ да жұмыс беруші ретінде қатысты.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жәрмеңкеге 3000-ға жуық адам келді. 70-тен астам кәсіпорын, соның ішінде ұлттық компаниялар да өз вакансияларын, яғни 1000-нан астам бос жұмыс орындарын ұсынды. Қатысушылар қатарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазахтелеком» АҚ, «DAR RAIL» ЖШС, «Home Credit Bank» АҚ, «Integra Construction KZ» ЖШС, «Қазмедиа орталығы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Қазпошта» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Astana Hub сияқты ірі компаниялар болды.

– Жәрмеңкеде біз бүкіл Қазақстан бойынша 500-ге тарта бос жұмыс орындарын ұсындық. ҚТЖ-да рекрутингтің автоматтандырылған жүйесі – Job.railways.kz платформасы жұмыс істейді. Үміткерлер осы платформаға түйіндеме қалдыра алады. Бұл барлық азаматтарға теңдей мүмкіндіктер береді. ҚТЖ өндірістік компания болғандықтан жұмысшы персоналға үнемі сұраныс болады. Атап айтқанда, жол монтерлері, жолсеріктер, машинистер секілді мамандықтарға бос жұмыс орындары жиі кездеседі. Бұлар – теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуші негізгі мамандықтар.

Жүйе автоматтандырылғандықтан, қазір жәрмеңке Астанада өтіп жатса да, келушілер үшін еліміздің кез келген өңірінен бос жұмыс орындарын қарап бере аламыз, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ рекрутинг блогының бас менеджері Айдана Жайжумова.

Жәрмеңке «Бір терезе» қағидаты бойынша өтті. Қатысушылар жұмыс табумен қатар мемлекеттік бағдарламалар бойынша да кеңес алды. Атап айтқанда, «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», ипотекалық несиелер, сондай-ақ НЕЕТ санатындағы жастарға арналған JOLTAР жобасы туралы ақпараттар берілді.

Атыраудан жұмыс іздеп келген Есбол Үмбетбаев ҚТЖ-да белгі беру және байланыс саласында жұмыс істеуге ниетті екенін айтты. Себебі бұл салада оның тәжірибесі бар.

– Басқаруды автоматтандыру саласынан арнаулы орта және сырттай жоғары білімім бар. Астанаға көшіп келдім. Теміржол саласында жұмыс істегім келеді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ – корпоративтік мәдениеті қалыптасқан компания. Осы бос орындар жәрмеңкесіне үміт арта келдім. Маған ҚТЖ мамандары арнайы платформа бар екенін, соған түйіндеме жіберуіме кеңес берді. Енді сол процедураларға



кірісемін, – деді үміткер.

Атап өтерлігі, соңғы екі жылда «Жастарға жұмыс» жобасы аясында 1,5 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, 150 мыңға жуық жас қамтылған. 200-ге жуық жәрмеңке ұйымдастырылып, нәтижесінде 55 мыңнан астам жас тұрақты жұмысқа орналасыпты. Мобильді топтар шалғай ауылдарға барып, 150-ден астам елді мекенде 55 мың адамға кеңес берді. Жоба ел Президентінің 2029 жылға дейін кемінде 2,3 млн жасты жұмыспен қамту жөніндегі стратегиялық мақсатына сәйкес жүзеге асырылуда. Мұндай жәрмеңкелер соңғы үш жылда еліміздің 20 аймағында дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде елімізде 30 мыңнан астам жас тұрақты жұмысқа орналасты. Жәрмеңке жастар мен бизнес арасындағы тікелей диалог алаңына айналып, жас мамандарға нақты экономика секторында өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Суретті түсірген автор

ЕРЕЖЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ



ЖОЛАУШЫ
ТАСЫМАЛЫ



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Жаз маусымы басталғалы комиссия шамамен 140 ереже бұзушылықты тіркеді. Оның ішінде билетсіз жол жүрудің 6 дерегі және рәсімделмеген 135 килограмм багаж тасымалдау фактілері бар. Билетсіз жол жүру

жағдайлары «Алматы-Жезқазған», «Қызылорда-Семей», «Өскемен-Алматы», «Астана-Жезқазған», «Ақтоғай-Аягөз» және «Астана-Көкшетау» бағыттардағы пойыздарда анықталды. Тексеріс қорытындысы бойынша жауапты қызметкерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Рейдтер жүйелі түрде барлық бағыттарда жалғаса береді.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ барлық тараптан, яғни мемлекет тарапынан да «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Көлік министрлігі тарапынан да бақылауға алынып, қолдау көрсетіліп келеді. Сондықтан жолаушылардың ҚР заңнамаларының ережелерін бұзуға жол берілмейді. Билетсіз жолаушыны келесі станциядан түсіріп тастауы мүмкін.

РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ЖЫЛЫНА МЫҢ ШАҚЫРЫМҒА ДЕЙІНГІ ЖОЛДАРҒА КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ КҮШЕЙТІЛГЕН ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР. БІЗДІҢ КӘСІПОРЫН БҮГІНГЕ ДЕЙІН СЕМЕЙ, АЛМАТЫ, ЖАМБЫЛ, ШЫМКЕНТ, ҚЫЗЫЛОРДА БӨЛІМШЕЛЕРІН РЕЛЬСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП КЕЛДІ. ОҒАН ЕНДІ АҚТӨБЕ МЕН МАҢҒЫСТАУ ДА ҚОСЫЛЫП ОТЫР. БІЗ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН ТЕМІРЖОЛ УЧАСКЕЛЕРІНЕ 800 МЕТРЛІК ҰЗЫН ӨЛШЕМДІ РЕЛЬС БУНАҒЫН ДӘНЕКЕРЛЕП, ЖЕТКІЗІП БЕРУДЕМІЗ. АЛ ПРСМ МАРКАЛЫ 6 ЖЫЛЖЫМАЛЫ ДӘНЕКЕРЛЕУШІ МАШИНА-МЫЗБЕН ЕКІ СЕГІЗ ЖҮЗДІКТІ БІР-БІРІНЕ ЖАЛҒАП, 1600 МЕТРЛІКТЕРІН ТАҒЫ ҚОСЫП, ДӘНЕКЕРЛЕП КЕТЕ БЕРЕМІЗ. БІР УЧАСКЕДЕН ЕКІНШІСІНЕ ДЕЙІН ЖЕТЕТІН ТҮЙІСПЕСІЗ БУНАҚТАР ОСЫЛАЙ ЖАСАЛАДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БҮГІНГІ ТАҢДА
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ЛОКОМОТИВТЕР ПАРКИ

1,9 мың

ЛОКОМОТИВТІ ҚҰРАЙДЫ.

БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН
АРҚЫЛЫ ТРАНЗИТ КӨЛЕМІ

33 млн

ТОННАҒА ЖЕТЕДІ ДЕП
КҮТІЛУДЕ.

2025 ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІ
АЙЫНДА ҚТЖ БОЙЫНША

177 млн

ТОННА ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

Профилактика

БІРДЕ-БІР ОҚИҒА ТІРКЕЛМЕГЕН

 Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау жол дистанциясына қарасты 34 теміржол өткелі болса, соның бәрін бақылауда ұстап отыру әрине оңай емес. Десе де, дистанциялықтардың үздіксіз жүргізіп келе жатқан профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде биыл өткелде бірде-бір жол-көлік оқиғасы тіркелмеген.



Өткен жеті айда өткелдерде профилактикалық түсінік жұмыстары жеті рет ұйымдастырылған. Нәтижесінде бірнеше мың автокөлік жүргізушісіне теміржол өткелінің қауіпті аймақ екені, одан өтерде сақтық ережелерін қатаң қадағалауы ескертілген. Ақпараттық парақтар таратылған.

– Теміржол өткеліне байланысты профилактикалық бағыттағы жұмыстарымыз өткелге жақын орналасқан елдімекендерде де ұйымдастырылуда. «Назар аудар, өткел!» айлығы жарияланғанда бұл тұрғыдағы іс-шараларымыз арта түседі. Одан бөлек, өткел кезекшілеріне қатысты да өз жоспарларымыз бар. Оларға әр айда жоспарлы және жоспардан тыс техникалық сабақтар жүргіземіз. Мамыр мен маусым айы аралығындағы айлық барысында локомотив депо-сының машинистерімен де кездесіп, техникалық сабақ өткіздік. Өткелге келген тұста жол-көлік оқиғасының болмауы олардың да қырағылығына байланысты, жағдай автокөлік жүргізушілеріне қатысты болса да машинистеріміз жағдайды алдын ала байқап, келеңсіз оқиғаның алдын алуға дайын болуы керек, – деген Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Мұхтар Кульчанбаев жүргізушілер көліктерін уақытылы техникалық байқаудан өткізіп, тексертіп тұру керектігін айтады.

Себебі жақында бір оқиға тіркелген, екінші шақырымдағы өткелде «Лада» маркалы көліктің рөлі сынып кетіп, өткелдің «Б» бағытындағы екі бағыттауыш бағананы соғып барып тоқтаған. Әрине, көлік иесіне хаттама толтырылып, жергілікті жол полициясы шара қолданған, теміржол мүлкіне зақым келгені тағы бар. Бұл оқиғаның салдары бұдан да жаман болуы мүмкіндігін ескерсек, автокөлік иелері өз көлігінің техникалық жағдайына бейжай қарамай, уақытылы тексертіп тұруды және өткелде жүру ережесін қатаң сақтауы қажет.

Суретті түсірген автор

КЕЗЕКТІ РЕЙД ӨТТІ

 Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Жіңішке станциясы қызметкерлері мен желілік полиция қызметкерлерінен құралған топ тағы да рейдке шықты. Себебі жаяу жүргіншілер мен иесіз малдан темір жолға келетін қауіптің алдын алу теміржолшылар үшін өзекті мәселеге айналғалы қашан.

Ақтөбе қаласының ішінде орналасқан Жіңішке станциясы – бірінші класты. Бұл жерде АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея, Франция, Германия, Қытай, Ресей елдеріне ірі көлемде жүк жөнелтіледі. Станцияның орналасқан жері де жүк жөнелтуге қолайлы. Айналасына ірі зауыттар мен өндіріс ошақтары шоғырланған. Сонымен қатар станцияның екі жағында елдімекен, әлеуметтік нысандар бар. Сондықтан жүк тиеу-түсіру жұмыстары қарқынды жүріп жатқан станцияда қауіпсіздік аса маңызды. Бұл жерде рейд, түсіндіру жұмыстары жиі өтетіні де сондықтан.

Бүгін де Жіңішке станциясы басшысының орынбасары Әлібек Жұмабаев пен инженер Әсемгүл Зәуірбаева және желілік полиция бөлімінің аға инспекторы өткел бойын барлап, мөлтек аудан тұрғындарына, мектеп оқушыларына жолдан өту ережесін түсіндіріп, жазатайым оқиғалардан сақтандырды. Ата-аналарға балаларға абай болып, қараусыз жібермеу, әсіресе түнгі мезгілде жалғыз-жарым жүрмеуін қадағалау ескертілді.

«Биыл 25 тұрғынға ескерту берілді. Олар – қауіпсіздікке мән бермей, белгіленбеген жерді кесіп өткендер. Шараның барлығы құқық қорғау қызметкерлерімен бірлесіп атқарылды. Қауіпсіздік шараларын бұзған жағдайда ҚР ӘҚБтК-нің 559-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік хаттама толтырылып, жауапқа тартылатындығы түсіндіріліп, ұнпарақ таратылды», – деді Жіңішке станциясы басшысының орынбасары Әлібек Жұмабаев.

Тәулігіне 22 пойыз өтетін жүк станциясында 67 кірме жол бар. Оның бәрі жұмыс істейді.

Суретті түсірген автор

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ



Қазіргі кезде республикалық маңызы бар қала санатына енетін Шымкент қаласындағы теміржол қызметі негізінен Шымкент – Арыс – Түркістан учаскесі арқылы ұйымдастырылады. Оңтүстіктегі теміржол тармақтары осы үш бағыт бойынша жүргізілуі нәтижесінде өңірдің экономикалық әлеуеті қарқынды дамып келеді.

 Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Оның үстіне Шымкент теміржол арқылы жүк және жолаушылар тасымалын сәтті әрі табысты іске асыруда белсенді қала санатына еніп отыр. Себебі мұнда жолаушылар ағынымен қатар жүк тасымалы қызметі мейлінше біріздендірілген. Мұның бір ұшы қаланың солтүстік-шығыс бөлігіне жүк вагондарының ерсілі-қарсылы толассыз қатынауымен тікелей байланысты. Өйткені қаладағы 5 индустриалды-инновациялық аймақтың екеуі – Ордабасы мен Жұлдыз осы аумақта бой көтерген. Ал оның құрамындағы ірілі-ұсақты жүздеген өндіріс орны мен кәсіпорын, мекемелер үшін қажетті шикізатты жеткізу мен өндірілген тауарды тасымалдауда автокөлік пен теміржол қатынасының маңызы зор.

Енді осы тасымалдау ісінде қалтқысыз қызмет көрсетіп келе жатқан мекеменің бірі Шымкент магистральдық желі дирек-

циясына қарасты №53 жол дистанциясы болып табылады. Шымкенттік жолшылар Түлкібас пен Бадам аралығында басты жол ретінде пайдаланылатын 206,7 шақырым жолды күтіп-баптаумен айналысады. Ал станцияшілік жолдар мен қабылдап-жөнелту жолдарын қоса есептегенде шымкенттік жолшылар жауапкершілігіндегі жолдың жалпы ұзындығы 523,9 шақырымды құрайды. Сонымен қатар дистанция жолшылары осы телім бойында орналасқан 18 өтпенің жай-күйін мұқият бақылауда ұстайды.

Бүгінде Дәурен Даниярұлы жетекшілік ететін дистанцияда 370-ке жуық адам жұмыс істесе, оның 245-і жол монтерлері. Ал олар қызмет көрсететін учаскеде Бадам өзенін жағалай орналасқан теміржол телімі бар. Бұл телімнің облыстық маңызы бар Шымкент – Ленгiр автожолымен алма-кезек түйісіп жатуы заңдылық іспеттес. Ал дистанцияның жетекші инженері Ақтолықн Жоланованың айтуынша, бүгінде мекеме қызмет көрсететін 18 өтпенің 5-і күзетпелі. 13 өтпе күзетпесіз.

ӘР КҮНДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДА



Қызылорда жол дистанциясында күн сайынғы тірлік тоқтаған емес. Таңғы салқынмен басталған қарбалас жұмыс күннің еңкейген шағына дейін жалғасып, жолшылар жаздың бір күнін бос өткізбеуде.

 Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Марат Оңалов басқаратын Қызылорда жол дистанциясы биыл жоспар бойынша екі учаскеде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізумен қатар, күнделікті жол күтімі жұмыстарын да тұрақты, технологиялық жоспарға сай орындап келеді. Осындай ауқымды жол күтімі кешелі бері Қызылорда станциясының бірінші жолының жанама жолында өткізілуде. Станция жолындағы екі бірдей бағыттағалық бұрмалардың арасындағы басты жолды көтеріп, қиыршық таспен нығыздауда. Дистанция бастығының орынбасары Батыр Мамедалиев пен жол шебері Мақсат Әбдіраманов бастаған бригада екінші тәулік тынымсыз жұмыс істеп жатыр.

Қолындағы шаблонын бір сәтке тастамайтын жол шебері әр өлшемді қадағалап, әр қиыршық тастың дұрыс төселуін бақылауда. «Жолды 60-61 мм деңгейге көтеругіміз керек. Әрбір балласт қабаты нығыздалып, қайта өлшеніп отырады. Бұл

– қауіпсіздіктің басты шарты», – дейді ол. Жолшылардың бірі домкратпен рельсті көтеріп тұрса, бірі балласты нығыздауда. Қиыршық тастар әр учаскеге алдын ала төгіліп, қол құралдарымен ықшамдалып қойылған. Енді сол тастардың астында жолдың берік табаны қаланып жатыр. Пойыздардың қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыс болған соң әр әрекет есеппен, әр қозғалыс талаппен орындалуда.

– Қиыршық тастар толық төселіп, нығыздалған соң арнайы жол машиналары іске қосылады. Сол кезде жолдың түпкілікті күтімі жасалып, көтерілген учаске толық пайдалануға беріледі, – дейді жол шебері Мақсат.

Жөндеу жұмыстары кезінде Қызылорда станциясының бірінші жолының оңтүстік алқымындағы жанама жол да көтерілді. Бірнеше сағатқа созылған жұмысқа қарамастан пойыз қозғалысы тоқтаған жоқ. Станция мен парк кезекшілері қозғалысты үйлестіріп, жолаушы мен жүк пойыздарының уақытылы келіп-

Оның 2-і басты магистральдық жол жиегінде орналасқан болса, оның бірі – Түлкібас маңында, екіншісі Арыс атырабында және бір өтпе Шымкент қаласының қосалқы жолында орналасқан.

– Біз қызмет ететін күзетпесіз өтпелердің ең көбі осы Шымкент – Ленгiр бағытындағы жол бойына жайғасқан. Ал енді оның бәрі жекеменшік кәсіпорындардың меншігі болса-дағы, оларды бізге қатысы жоқ дей алмаймыз. Егер өзара байланысып ақпарат алмасып, тәжірибе бөлісіп жұмыс жүргізбесек, іс ілгерілемейтіні белгілі, – дейді А.Жоланова.

Ақиқатында, күзетпесіз өтпелер жекеменшік иелікте екен деп жайбарақат отыруға болмайды. Бір-бірімен ұштасқан қызмет, мәндес сала болғандықтан да тараптардың өзара түсінісіп жұмыс жүргізуіне тура келеді. Сондықтан да жетекші инженер атокөлік пен темір жолдың түйіскен нүктесіндегі өтпелердің жай-күйі қатаң бақылауда екендігін тілге тиек етеді. Яғни ол жерде қауіпсіздік қағидаларының сақталуын қамтамасыз ететін тиісті белгілер (көліктің тоқтап өтуін талап ететін белгі мен тоқтап тұруға тыйым салатын белгінің тұруы, бейнебақылау камераларының орнатылуы) талапқа сай қойылуы тиіс. Әрине, өткелдегі қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету өткел иесінің міндеті десек те, ол жерде талап-тәртіптің сақталуына белгілі бір деңгейде мүдделес мекемелердің өкілдері де тікелей жауапты. Сондықтан жергілікті әкімдік пен полиция өкілдерінің қатысуымен жолшылар да жиі рейд өткізіп, жергілікті тұрғындар мен жүргізушілер арасында профилактикалық жұмыстар жүргізіп, қауіпсіздік ережелері жазылған ұнпарақтар таратып тұрады. Өйткені оқыс оқиғаға жол бермей, келеңсіз жағдайдың алдын алу – қоғамдық қауіпсіздіктің басты құндылығы.




шығыуын қамтамасыз етті.

Дистанция бастығы Марат Оңалов теміржолшылардың еңбегін ерекше атап өтті. Айтуынша, жол көтеру жұмысы – жай ғана жөндеу емес, геометриялық дәлдікті талап ететін күрделі де жауапты жұмыс.

– Жол күтімін жасауда сырт көзге көрінбейтін, бірақ жауапкершілігі күрделі жөндеуге пара-пар жұмыс аз емес. Біздің тәжірибелі жолшылар қанды жұмыстың болсын үдесінен шығып, сапалы атқаратынына күмән жоқ, – деді дистанция бастығы.

Суретті түсірген автор

БАЛАЛАР БҰРЫШЫ БАР



Қазақстандағы ең арзан пойыз оңтүстікте. 6937 және 6938 нөмірмен белгіленген қала маңында қатынайтын пойыз Түркістан мен Шымкент арасын жалғайды. Бас-аяғы 188 шақырымға созылатын жолмен жүріп өту құны бар-жоғы – 573 теңге.

 Ақылбек ӘМЗЕ,
Шымкент

Түркістан облысы әкімдігінің ұсынысымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Қала маңы тасымалы» филиалы жетекшілерінің тапсырмасын іске асырушы Шымкент аймақтық телімі болып табылады. Телім басшысы Бұрхан Ғалымжанның айтуынша, талапқа сай жабдықталған пойыз мейлінше жолаушылар көңілінен шығатындай деңгейде жасалған. Аптасына 5 рет жолға шығатын пойыз қазірше 1 ғана заманауи вагоннан құралған. Атап айтқанда, ауа баптағыш пен қауіпсіздік қағидалары қатаң сақталған вагон бейнебақылау камерасымен және электронды дабыл қағу жүйесімен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ алғашқы медициналық жедел жәрдем көрсету мүмкіндіктері де назардан тыс қалмаған.

– Қазіргі кезде екінші бірінші қолында ұялы телефон жүретіндіктен оны қуаттандыру кездерінің болуы ең басты қажеттіліктің бірі екені рас. Сондықтан да біз мұны басымдыққа алдық. Одан бөлек, пойызда жолаушы таңдауына қарай ыстық шәй мен кофе беріліп, жолшыбай тамақтанып алуға



да мүмкіндіктер қарастырылған, – дейді Ғалымжан Сүлейменұлы.

Заманауи жабдықталған вагон биодәретханамен жабдықталған. Оған қоса, қажет болса мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еркін кіріп-шығуы үшін арнайы қоларба да ұсынылады. Әзірше жергілікті халықтың қажетін толық қанағаттандырып тұр.

Жалпы, екі аралықта сейсенбі, сәрсенбі,

жұма, сенбі, жексенбі күндері қатынайтын пойыз Түркістан қаласынан 15:28-де аттанып, 20:12-де Шымкентке жетсе, таңғы 06:55-те Шымкенттен шығып, 11:18-де Түркістан вокзалына жетеді. Бас-аяғы 188 шақырымға созылатын жолды жүріп өту құны 573 теңгені құрайды. Ал пойыз аялдайтын үлкенді-кішілі бекеттер мен разъездердің саны – 19. Әрине, ара қышықтыққа байланысты олардың билет құны да түрлі болып келеді. Мәселен, Шымкенттен Бадамға дейінгі баға 121 теңге болса, Арыс-2 станциясына дейін 241 теңге, ал Қарақоңырға 332 және Темір станциясына дейін 422 теңгемен жетіп алуға болады. Жолақы төлеуде балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 50 пайыздық жеңілдік қарастырылған. Билеттер ilet.railways.kz, kaspi.kz, aviata.kz, freedom.Travel сайттары мен Қазпошта желілерінде қолжетімді.

Пойыз жолсеріктерінің түсіндіруінше, ата-ананың бірімен 7 жасқа дейінгі бір бала тегін жүрсе, ата-ананың екеуі де мінген жағдайда 2 бала тегін жүруге құқылы. Ал қоғамдық көлікте 15-18 жастағы балалардың өзі еркімен жүріп-тұруы қолданастағы заңнамаға сәйкес нотариалды сенімхат талап етіледі.

Мұнда айрықша атап өтетін жаңашылықтың бірі – жолаушылар вагонында балалар бұрышының жасақталуы. Өйткені шамамен 4,5 сағатқа созылатын сапарда балалардың жолдағы уақытты қызықты әрі есте қаларлықтай етіп өткізу үшін барынша қолайлы жағдай жасалған. Танымдық тұрғыда көркем безендірілген бұрышта түрлі ойыншықтардың қауіпсіздігі басты назарға алынған.

Суретті түсірген автор

ДОВЕРИЕ И РЕШЕНИЕ ОБЩИХ ЗАДАЧ



ПРОФСОЮЗ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В десяти филиалах профсоюзов действующие председатели, зарекомендовавшие себя ответственными лидерами, были переизбраны. В Жамбылском, Алматинском и Акмолинском филиалах коллективы избрали новых профсоюзных лидеров из числа работников железнодорожных производственных предприятий.

Обновлен состав профсоюзных комитетов, ревизионных и согласительных комиссий, а также корпуса технических инспекторов. Это позволит еще эффективнее защищать права работников, контролировать условия труда и оперативно решать возникающие вопросы.

Так, в Павлодарском регионе прошли отчетно-выборные собрания во всех 25 первичных профсоюзных организациях. В них приняли участие свыше семи тысяч человек, что составило 97,95% от общей численности работников. Такая высокая явка наглядно демонстрирует нерав-

нодушие железнодорожников к жизни профсоюза и готовность участвовать в решении общих задач.

– Отчетно-выборные собрания – это не формальность, а важный момент в жизни каждой организации, – отметила электромеханик Павлодарской дистанции сигнализации и связи Ирина Рогачева. – Здесь мы подводим итоги работы, обсуждаем самые острые вопросы, определяем новые ориентиры. Особенно важно, что вместе с председателями первичных организаций был обновлен и состав комиссий, а также корпус технических инспекторов. Это позволит более четко отстаивать интересы работников, следить за безопасностью и условиями труда, вовремя реагировать на возникающие проблемы.

По словам Ирины Владимировны, собрания показали, что железнодорожники готовы объединять усилия ради улучшения условий труда и социальной поддержки.

– Каждый голос, каждое предложение работника – члена профсоюза, ценно. Мы ощущаем реальную



поддержку коллег и понимаем, что профсоюз – это не только руководство, но и весь коллектив, который стоит за ним, – подчеркнула она.

По итогам собраний большая часть председателей профкомов, сумевшая за годы работы доказать свою компетентность, проявившая лучшие лидерские качества, пользующаяся уважением трудовых коллективов, была переизбрана на новые сроки. А в семи организациях были избраны новые профсоюзные лидеры – представители локомотивного и вагонного депо, дистанций пути и базы снабжения. В ряде случаев, что-

бы профкомы могли полностью посвятить себя профсоюзной работе, коллективы приняли решение освободить их от основных обязанностей, чтобы они могли сосредоточиться исключительно на защите прав работников.

Кроме того, на отчетно-выборных собраниях также был обновлен состав профсоюзных комитетов, ревизионных и согласительных комиссий, технических инспекторов. Таким образом, обновленная структура профсоюза получит дополнительный импульс для развития.

Фото автора

Перевозки

ЗАПАСАЙСЯ УГЛЕМ ЛЕТОМ

В преддверии холодов жители Карагандинской области активно закупают уголь. Железнодорожники уверяют: население будет обеспечено топливом в полном объеме.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Предприимчивые жители сельских районов Карагандинской области загодя готовятся к наступлению холодов, запасаясь углем.

Как отметил начальник станции Майкудук Еркен Садыков, в регионе дефицита угля не намечается. Стоит отметить, что твердое топливо для населения поставляют несколько шахт и разрезов, а также обогатительная фабрика Exim Artis. Сегодня в



городе активно функционируют 19 точек продажи твердого топлива, при этом его стоимость зависит от различных факторов, включая марку угля, способ покупки (оптом или в розницу, с

